



## **Ақтөбе қаласы бойынша орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 5387 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ақтөбе қаласы "Астана" ауданының Әділет басқармасында 2018 жылғы 29 тамызда № 3-1-202 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 5136 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 28.12.2020 № 5136 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-3) тармақшасына сәйкес Ақтөбе қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақтөбе қаласы бойынша орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары К. Айдархановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*І. Испанов*

2018 жылғы 28 тамыздағы № 5387 Ақтөбе  
қаласы әкімдігінің  
қаулысымен бекітілген

**Ақтөбе қаласы бойынша орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Білім алушылар саны	Жылына бір оқушыға жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	800	240000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК